

LIFE TIME


KHAN SHATYR
SHOPPING & ENTERTAINMENT CENTER
life happens here

16

жыл бірге!



KHAN SHATYR MAGAZINE
JULY-AUGUST 2026

ХАНШАТЫР

Астана күні

құтты болсын!



- 6
- «ХАН ШАТЫР» ЖАҢАЛЫҚТАРЫ
НОВОСТИ «ХАН ШАТЫРА»
- 8
- ҚАЛАМЕН БІРГЕ 16 ЖЫЛ: «ХАН ШАТЫРДЫҢ» ТАРИХИ АУҚЫМЫ
16 ЛЕТ ВМЕСТЕ С ГОРОДОМ: КАК МЕНЯЛСЯ ХАН ШАТЫР
- 14
- МАУСЫМНЫҢ ДҮБІРЛІ КАМБЭГІ: FAME CITY ҚАЙТАДАН СІЗДЕРМЕН БІРГЕ!
ГРОМКИЙ КАМБЭК СЕЗОНА: FAME CITY СНОВА С ВАМИ!
- 18
- «ХАН ШАТЫР» СОО ФУД-КОРТЫНДАҒЫ БАСТЫ САЛҚЫН ТРЕНДТЕР
ГЛАВНЫЕ КОЛД-ТРЕНДЫ НА ФУД-КОРТЕ ТРЦ «ХАН ШАТЫР»
- 25
- КЕЗ КЕЛГЕН ЖАЗҒЫ ОБРАЗДЫҢ СӘНІН КЕЛТІРЕТІН 5 БАСТЫ АКСЕССУАР
5 ГЛАВНЫХ АКСЕССУАРОВ, КОТОРЫЕ «СОБЕРУТ» ЛЮБОЙ ЛЕТНИЙ ОБРАЗ
- 29
- +30 °С-ТАҒЫ ДРЕСС-КОД: КЕҢСЕ МЕН КЕЗДЕСУЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАЗҒЫ АЯҚ КИІМ
ДРЕСС-КОД В +30 °С: ЛЕТНЯЯ ОБУВЬ ДЛЯ ОФИСА И СВИДАНИЙ



**СІЗДІҢ ПІКІРІҢІЗ БІЗ ҮШІН МАҢЫЗДЫ!
QR-КОДТЫ СКАНЕРЛЕП, ШЫҒАРЫЛЫМ ТУРАЛЫ
ОЙЫҢЫЗБЕН БӨЛІСІҢІЗ.**

**ВАШЕ МНЕНИЕ ЦЕННО ДЛЯ НАС!
ОТСКАНИРУЙТЕ QR-КОД И ПОДЕЛИТЕСЬ СВОИМИ
ВПЕЧАТЛЕНИЯМИ О ВЫПУСКЕ.**

Нөмірді шығаруға атсалысқандар: Ермаханова Әмина, Юлия Кастнер
Дизайн: Дарья Онучка

LIFE TIME журналы «Хан Шатыр» СОО меншігі болып табылады. Журнал «Хан Шатыр» СОО, Rixos President Astana, Rixos Khan Shatyr Residences таратылады. Редакция жарнамалық материалдардың мазмұнына жауап бермейді. Редакцияның пікірі автордың пікірімен сәйкес бола бермейді. Сурет дереккөзі: Internet ресурстары. Таралымы: 2000 дана. Караганды қ., ЖШС «ФАРОС Графикс». E-mail: marketing@khanshatyr.com Тел: +7 (7172) 57-26-26

Журнал LIFE TIME является собственностью ТРЦ «Хан Шатыр». Журнал распространяется в ТРЦ «Хан Шатыр», Rixos President Astana, Rixos Khan Shatyr Residences. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных материалов. Мнение редакции не всегда совпадает с мнением авторов. Источник фото: Internet ресурсы. Тираж: 2000 экземпляров. ТОО «ФАРОС Графикс», г. Караганда. E-mail: marketing@khanshatyr.com Тел: +7 (7172) 57-26-26



РЕДАКТОРДАН ХАТ

ПИСЬМО ОТ РЕДАКТОРА

Құрметті оқырмандар!

Алдарыңызда LIFE TIME журналының жаңа жазғы саны. Бұл маусым біз үшін ерекше: Елорда күнінде сүйікті «Хан Шатыр» СОО 16 жылдығын атап өтеді, біз бұл мерекені сіздермен бірге бөлісуге қуаныштымыз! Осы оқиғаға орай біз маусымның басты тренді — әлемдік подиумдарды жаулап алған зығыр матасы туралы нұсқаулық дайындадық. Сондай-ақ нөмір беттерінен гардеробыңыз бен үйіңізді жайлылыққа толтыратын жазғы интерьердің жаңа идеяларын таба аласыз.

Елорданың қыстағы –40°С пен жаздағы +40°С арасындағы ауа райын бәріміз білеміз. Осынау аптап күндері сіздерді «Хан Шатыр» күмбезі астындағы Sky Beach жағажай клубына демалуға немесе фуд-корттағы «колд-трендтерден» (дәмді балмұздақтар, мұздай лимонадтар мен бабл-ти) сергуге шақырамыз.

Жаз ортасында балаларды жаңа оқу жылына асықпай дайындауды да ұмытпаңыз — стильді «Back to School» науқанының үздік ұсыныстары сіздерді күтеді. Жағымды оқу және ұмытылмас жаз тілейміз!

*Ізгі ниетпен,
LIFE TIME редакторы*

Уважаемые читатели!

Перед вами новый летний выпуск журнала LIFE TIME, и этот сезон для нас особенный. В День Столицы наш любимый ТРЦ «Хан Шатыр» отмечает свое 16-летие, и мы счастливы праздновать эту дату вместе с вами! В честь события мы подготовили для вас вдохновляющий гид по главному тренду сезона — льну, который захватил мировые подиумы своей легкостью и прочностью. А чтобы наполнить уютом не только гардероб, но и дом, на страницах номера вы найдете свежие идеи летнего интерьера от брендов ТРЦ.

Жители столицы знают все о капризах погоды с ее контрастами от –40°С до +40°С. В эти знойные дни мы приглашаем вас укрыться от жары в уникальном пляжном клубе Sky Beach прямо под куполом «Хан Шатыра». А для тех, кто ищет прохладу, мы собрали главные «колд-тренды» на нашем фуд-корте: гид по самому вкусному мороженому, ледяным лимонадам и освежающему бабл-ти.

И помните: пока лето в разгаре, самое время без спешки начать подготовку детей к новому учебному году — лучшие предложения для стильного «Back to School» уже ждут вас. Приятного чтения и незабываемого лета!

*С наилучшими пожеланиями,
Редактор LIFE TIME*

«ХАН ШАТЫР» ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Егер сіз соңғы апталарда «Хан Шатырға» бас сұқпаған болсаңыз, осы маусымның ең жарқын эмоцияларынан тыс қалдыңыз деген сөз! Біздің СОО бұл күндері балалардың ғажайып фестивальдеріне толы болып, айтулы музыканттарды қарсы алды және, әрине, керемет сыйлықтар үлестірді. Назарларыңызға жазғы демалысыңызды ұмытылмас ететін басты жаңалықтар, ашылулар мен айтулы оқиғалардың ең соны дайджестін ұсынамыз.

Сәттілік батылдарды таңдайды!

«Хан Шатырда» ауқымды JULDELI SHOPPING байқауы аясында көптен күткен құнды жүлделердің кезекті ұтыс ойыны өтті. Жүзден астам толқынысты жанарлардың алдында, ерекше қошеметпен сәттілік өз қаһарманын таңдады. Сән үлгісіндегі су жаңа iPhone 17 смартфонның иегері атанған:

• **Маясаров Жақсыкелді (купон №003657)**

• **Аккожина Жазира (купон №050905)**

Жеңімпазды шын жүректен құттықтаймыз! Алайда өзге қатысушыларға да мұңауға уақыт жоқ, өйткені алда бізді бұдан да зор, қомақты жүлделер күтіп тұр. Жақын арада біз жоғары технологиялық LiXiang L7 автокөлігін, жаңа iPhone 17 телефондарын және елордамыздан BI Group ұсынған 2 пәтерді ойнатамыз. Сауда жасауды жалғастырыңыз, купондарды тіркеңіз, өйткені келесі купон сіздің жаңа өмірге жолдамаңыз болуы мүмкін!

Удача выбирает смелых!

В «Хан Шатыре» состоялся очередной долгожданный розыгрыш ценных призов в рамках масштабного конкурса JULDELI SHOPPING. Под прицелом сотен взволнованных глаз и в атмосфере абсолютного предвкушения удача выбрала своих героев. Обладателем новенького iPhone 17 стали:

• **Маясаров Жаксыкельди (купон №003657)**

• **Аккожина Жазира (купон №050905)**

Мы искренне поздравляем победителей! Но остальным участникам не время расслабляться, ведь впереди нас ждут еще более грандиозные призы. Совсем скоро мы разыграем супертехнологичный автомобиль LiXiang L7, новые iPhone 17 и 2 квартиры в столице от BI Group. Продолжайте шопинг, регистрируйте купоны, ведь следующий из них может стать вашим билетом в новую жизнь!



Музыка, подиум және балалар күлкісі

Мерекелік бағдарламамызда жоғары өнер мен балалар шығармашылығы ерекше орын алды. Жанды дауыстағы музыка сүйер қауым үшін Е. Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония оркестрінің өнер көрсетуі нағыз тарту болды. Айбынды композициялар мен виртуозды орындау біздің атриумымызды ерекше әсерге бөледі.

Если вы пропустили последние недели в «Хан Шатыре», то вы пропустили самые яркие эмоции этого сезона! Наш ТРЦ кружился в ритме грандиозных детских фестивалей, принимал именитых музыкантов и, конечно, раздавал крутые подарки. Ловите самый сочный дайджест главных новостей, открытий и камбэков, которые сделают ваше лето под куполом незабываемым.



Музыка, подиум и детские улыбки

Особое место в нашей праздничной программе заняло высокое искусство и детское творчество. Настоящим подарком для ценителей живой музыки стало выступление оркестра Государственной академической филармонии имени Е. Рахмадиева. Величественные композиции и виртуозное исполнение наполнили наш атриум неповторимой атмосферой.

НОВОСТИ «ХАН ШАТЫРА»



1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнінде «Хан Шатыр» балалар сәні мен қуаныш мекеніне айналды. Басты оқиға — жас үлгілер СОО брендтерінің жазғы топтамаларын ұсынған ауқымды сән көрсетілімі болды. Мереке қызықты анимациялық бағдарламалар мен жарқын аквагриммен жалғасты.

Барлық қонақтар үшін жаңа ыңғайлы тұрақтардың ашылуы мен заманауи жеделсатылардың іске қосылуы «Хан Шатырға» келуді бұрынғыдан да жайлы ете түсті.

Бізбен бірге жарқын оқиғалар толқынында болыңыздар, өйткені «Хан Шатырда» әрбір күн — кішігірім мереке!



А 1 июня, в Международный день защиты детей, «Хан Шатыр» превратился в центр детской моды и веселья. Главным событием дня стал грандиозный показ модных коллекций, где юные модели продемонстрировали трендовые летние образы от брендов нашего ТРЦ. Праздник продолжился масштабными анимационными программами с любимыми персонажами и ярким аквагримом.

Отличной новостью для всех гостей стало открытие новых удобных парковок возле ТРЦ и запуск современных лифтов, что сделало визиты в «Хан Шатыр» еще более комфортными и приятными.

Оставайтесь на волне ярких событий вместе с нами, ведь в «Хан Шатыре» каждый день — это маленький праздник!



16 happy years

ҚАЛАМЕН БІРГЕ 16 ЖЫЛ: «ХАН ШАТЫРДЫҢ» ТАРИХИ АУҚЫМЫ

2010 жылы «Хан Шатырдың» бой көтеруі Астананың заманауи келбетін қалыптастырудағы үлкен бұрылыс болды. Осы Қала күнінде кезінде инженерлік утопия болып көрінген аты аңызға айналған жоба өзінің 16 жылдығын атап өтуде.

Ұлы шебердің ой-толғамы.

Британиялық сәулетші Норман Фостер жай ғана сауда-ойын-сауық орталығын емес, экстремалды климатқа арналған әлемдегі алғашқы ауқымды эко-ғимаратты жасап шығарды. Алып шатырдың пішіні — көшпелілер мәдениетіне деген футуристік құрметтің белгісі. Ғимарат 80 °С-тан асатын температура ауытқуларына төтеп беретін автономды экожүйе ретінде жобаланған. Осы ерекшелігі үшін Forbes оны әлемдегі ең үздік 10 экологиялық жобаның қатарына енгізді.

Инженерлік сын-қатер.

Нысанның құрылысы әлемнің ең мықты инженерлері үшін нағыз сын болды. Құрылымның жүрегі — салмағы 2000 тоннаға жуықтайтын 150 метрлік алып мачта (дңгек). Оны аса қуатты домкраттардың көмегімен мінсіз дәлдікпен көтерді. Күмбезді ETFE полимерлі үлдірімен (пленкасымен) қаптау да теңдессіз шешім болды. Ол шыныдан әлдеқайда жеңіл, жарықты барынша жақсы өткізеді және елорданың қатты желдері мен қалың қарына оңай төтеп береді.

Елорданың бас меридианы.

«Хан Шатыр» Қазақстанның даму бағдарын бейнелейтін Сол жағалаудың бас қала құрылысы осін аяқтайды. Осыдан 16 жыл бұрын қаланың шеті болып көрінген аумақ осы ойын-сауық орталығының арқасында заманауи тұрғын үй кешендері мен іскерлік орталықтар бой көтерген жаңа қала орталығына айналды.

Басты нышан мәртебесіндегі 16 жыл.

Бүгінде Астананың панорамасын көкке ұмтылған «Хан Шатырдың» сұлбасынсыз елестету мүмкін емес. Ғимарат уақыт сынынан сүрінбей өтіп, оқулықтардағы сәулет жауһары ғана емес, қала тұрғындарының шын мәніндегі сүйікті орнына айналды.

Туған күніңмен, «Хан Шатыр»! Биіктегі 16 жыл!

В 2010 году появление «Хан Шатыра» стало поворотной точкой в формировании современного облика Астаны. В этот День города легендарный проект, когда-то казавшийся инженерной утопией, отмечает свое 16-летие.

Замысел великого мастера.

Эко-архитектура будущего Британский архитектор Норман Фостер создал не просто ТРЦ, а первое в мире масштабное эко-сооружение для экстремального климата. Форма гигантского шатра — это футуристичная дань уважения кочевой культуре. Здание спроектировано как автономная экосистема, выдерживающая перепады температур более чем в 80 °С, за что Forbes включил его в топ-10 мировых экологических проектов.

Инженерный вызов.

Как строилось чудо Строительство объекта стало настоящим вызовом для лучших инженеров мира. Сердце конструкции — колоссальная 150-метровая мачта весом около 2000 тонн, которую поднимали с помощью мощнейших домкратов с хирургической точностью. Не менее уникальным решением стало покрытие купола из полимерной пленки ETFE. Она весит в разы меньше стекла, пропускает максимум света и легко выдерживает сильные столичные ветра и снегопады.

Главный меридиан столицы «Хан Шатыр» завершает главную градостроительную ось Левого берега, символизирующую вектор развития Казахстана. Территория, которая 16 лет назад казалась далекой окраиной, благодаря ТРЦ превратилась в новый центр города, где выросли современные жилые кварталы и деловые центры.

16 лет в статусе визитной карточки.

Сегодня невозможно представить панораму Астаны без устремленного ввысь силуэта «Хан Шатыра». Здание выдержало проверку временем, став не просто архитектурным шедевром из учебников, но и по-настоящему любимым местом горожан.

С днем рождения, «Хан Шатыр»! 16 лет на высоте!

Birthday

ЗЫҒЫР: ЖАЗҒЫ

СӘН-САЛТАНАТТЫҢ БАСТЫ СИНОНИМИ ЛЕН: ГЛАВНЫЙ СИНОНИМ ЛЕТНЕЙ РОСКОШИ

Әр жаз сайын сән индустриясы жайлылық пен талғампаздық арасындағы теңгерімді іздейді. Бұл маусымда зығыр (лен) мегаполистердегі *quiet luxury* (бай-қалмайтын сән-салтанат) эстетикасының басты символына айналды.

Асыл мінсіздіктің эстетикасы
Жасанды жылтыр заманында зығыр матаның сәл умаждылып тұруы — ұқыпсыздық емес, жоғары мәртебе мен өмірге жеңіл қараудың, яғни француздық *art de vivre* стилінің белгісі.

Матаның басты артықшылықтары:

- Төзімділік: Табиғи талшықтар тозуға төзімді келеді және уақыт өте келе жұмсара түседі.
- Табиғи кондиционер: +40°C-қа дейінгі ыстықта мата ауа өткізеді, ылғалды жақсы сіңіреді және теріні салқындатады.

Зығырды қалада қалай кию керек: кеңседен жағажайға дейін
Қазіргі заманғы брендтер пішінсіз кең киімдердің орнына графикалық силуэттерге мән береді:

- **Үштік костюм:** Көлемді палаццо шалбары, жалаң денеге киілген жилет және құм немесе сүт түстес құрылымды жакет — кеңселік жазғы дресс-код үшін мінсіз таңдау.

Қайдан іздеу керек: Gaissina (талғампаз пішім), Tommy Hilfiger (мәртебелі классика).

- **Оверсайз жейде:** Нағыз базалық киім. Оны трикотаж топтың сыртынан түймелемей киюге немесе салқын кеште жібек көйлектің үстіне жамылуға болады.

Қайдан іздеу керек: Pull & Bear (трендтегі үлгілер), Koton (жеңіл база).

- **Миди-көйлектер мен ромперлер:** Табиғи реңктердегі (хаки, терракот, көк) еркін пішімді үлгілер қымбат көрінеді және күрделі аксессуарларды талап етпейді.

Қайдан іздеу керек: Gaissina (нәзік силуэттер), DeFacto және Koton (жазға арналған ыңғайлы күнделікті нұсқалар).

Каждое лето модная индустрия ищет баланс между комфортом и элегантностью. В этом сезоне лен стал главным символом эстетики *quiet luxury* в мегаполисах.

Эстетика благородного несовершенства

В эпоху искусственного глянца легкая помятость льна — больше не небрежность, а признак высокого статуса и французского *art de vivre*.

Главные преимущества материала:

- Долговечность: Натуральные волокна устойчивы к износу и со временем становятся только мягче.

- Природный кондиционер: В жару до +40°C ткань дышит, впитывает влагу и охлаждает кожу.

Как носить лен в городе: от офиса до побережья

Современные бренды делают ставку на графичные силуэты вместо бесформенных балахонов:

- **Костюм-тройка:** Брюки палаццо, жилет на голое тело и жакет в песочном или молочном цвете — идеальный офисный дресс-код.

Где искать: Gaissina (элегантный крой), Tommy Hilfiger (статусная классика).

- **Рубашка оверсайз:** Базовая вещь, которую можно носить расстегнутой поверх топа или накидывать на шелковое платье.

Где искать: Pull & Bear (трендовые фасоны), Koton (легкая база).

- **Платья-миди и ромперы:** Свободный крой в природных оттенках (хаки, терракот, синий) выглядит дорого и самодостаточно.

Где искать: Gaissina (женственные силуэты), DeFacto и Koton (практичные повседневные варианты).



MANGO

СОСО "Хан Шатыр" 1 қабат / ТРЦ "Хан Шатыр", 1 этаж

www.mango.com

Bershka

LC Waikiki

PULL&BEAR

KOTON

DeFacto

GUESS

MANGO

LC Waikiki

Tommy Hilfiger

PULL&BEAR

Massimo Dutti

GLASMAN

Junior

Алғашқы мектеп күнінен — ақ сенімді қадам!
Уверенность с первого школьного дня!



@glasman_junior

BACK TO SCHOOL:

МЕКТЕП КАПСУЛАСЫ. 5 КИІМ
ШКОЛЬНАЯ КАПСУЛА. 5 ВЕЩЕЙ



ORCHESTRA



Котофей



Детский мир

Жаңа оқу жылына дайындық жиі дүкендердегі бейберекет марафонға айналады. LIFE TIME журналы бұған тамаша балама — ақылды капсулалық гардеробты ұсынады. Бар-жоғы 5 дұрыс киім таңертеңгі стресстен арылтып, бүкіл маусымға арналған мектеп образдары мәселесін толықтай шешеді.

5 киімнің сиқыры: Негізге нені аламыз?

Біздің СОО дүкендерінен осы позицияларды таңдағанда, маталардың сапасына (мақта, вискоза, аралас жүн) және бейтарап түстерге (көк, сұр, қара, сарғыш, ақ) назар аударыңыз.

1. Еркін пішілген ақ жейде — қатаң әрі күнделікті образдарға арналған «таза кенеп».

2. Базалық төменгі киім (тік шалбар немесе қатпарлы белдемше) — мінсіз тұруы тиіс негіз.

3. Трикотаж жилетка — образға фактура мен жылу сыйлайтын мектеп сәнінің хиті.

4. Мақта водолазкасы — күнделікті киюге арналған жейделердің ыңғайлы әрі жұмсақ баламасы.

5. Құрылымды жакет — аутфитті лезде бір тұтас етіп жинайтын соңғы штрих.

...Шаш үлгісін өзгертіңіз, екпін беретін галстуктар, стильді белдіктер қосыңыз, кроссовкаларды қатаң туфлиге ауыстырыңыз — сонда сіздің 5 киіміңіз опонай 10, 15, тіпті 20 бірегей образға айналады!

Сборы к новому учебному году часто превращаются в хаотичный марафон по магазинам. Журнал LIFE TIME предлагает альтернативу — умный капсульный гардероб. Всего 5 правильных вещей избавят от утреннего стресса и закроют вопрос со школьными образами на весь сезон.

Магия 5 вещей: Что берем за основу?

Выбирая эти позиции в магазинах нашего ТРЦ, обращайте внимание на качество тканей (хлопок, вискоза, смесовая шерсть) и нейтральную палитру (синий, серый, черный, бежевый, белый).

1. Свободная белая рубашка — «чистый холст» для строгих и повседневных образов.

2. Базовый низ (прямые брюки или юбка в складку) — основа, которая должна сидеть безупречно.

3. Трикотажный жилет — хит школьной моды, добавляющий образу фактурности и тепла.

4. Хлопковая водолазка — комфортная и мягкая альтернатива рубашкам на каждый день

5. Структурированный жакет — финальный штрих, который мгновенно собирает аутфит воедино.

...Меняйте прически, добавляйте акцентные галстуки, стильные ремни, меняйте кроссовки на строгие туфли — и ваши 5 вещей легко превратятся в 10, 15 и даже 20 уникальных образов!

O'STIN KIDS

Детский мир

DeFacto

O'STIN KIDS

O'STIN KIDS



ORCHESTRA



МАУСЫМНЫҢ ДҮБІРЛІ КАМБЭГІ: FAME CITY ҚАЙТАДАН СІЗДЕРМЕН БІРГЕ!



Fame City отбасылық ойын-сауық орталығы кейпін толықтай өзгертті! Біз безендірулерді жаңартып, бүкіл отбасыңызға жарқын эмоциялар сыйлау үшін әлемдік деңгейдегі ең таңдаулы жаңалықтарды әкелдік.

Не жаңалық?

- **Soft Play & VR:** Бүлдіршіндерге арналған толықтай жаңартылған әрі қауіпсіз ойын аймағы, сонымен қатар жоғары сапалы графикасы бар жаңа VR-аттракциондар.
- **Hologate:** Максималды шынайылық әсерін беретін жаңа буынның ультра-манауи виртуалды шындық жүйесі!
- **Star Play Cinema:** Біздің жаңартылған интерактивті кинотеатрымыз.
- **Party Room:** Балалар мерекесі мен туған күндерді жоғары деңгейде ұйымдастыруға арналған сәнді бөлме.

Семейный развлекательный центр Fame City полностью изменил свой облик! Мы обновили декорации и привезли самые крутые мировые новинки для ярких эмоций всей семьи.

Что нового?

- **Soft Play & VR:** Полностью обновленная и безопасная игровая зона для малышей, а также новые VR-аттракционы с графикой высокой четкости.
- **Hologate:** Ультрасовременная система виртуальной реальности нового поколения — максимальный эффект присутствия!
- **Star Play Cinema:** Наш обновленный интерактивный кинотеатр.
- **Party Room:** Стильная комната для идеальных детских праздников и дней рождения «под ключ».



ГРОМКИЙ КАМБЭК СЕЗОНА: FAME CITY СНОВА С ВАМИ!



KOTON

«ХАН ШАТЫР» СОО-ДАҒЫ МЕКТЕПКЕ АРНАЛҒАН ШОПИНГ-ГИД ШКОЛЬНЫЙ ШОПИНГ-ГИД В ТРЦ «ХАН ШАТЫР»

Бір күнде барлық қажетті заттарды бір жерден жинасаңыз, мектепке дайындық әлдеқайда оңайырақ болады.

Төменгі сыныптарға арналған киім мен аяқ киімді «Детский мир» және Mothercare дүкендерінен, ал мінсіз классикалық костюмдерді Glasman-нан іздеңіз. Жоғары сынып оқушыларына стильді оверсайз жейделер мен ретро стиліндегі пуловерлер үшін Zara, Mango, DeFacto және LC Waikiki дүкендеріне бас сұққан жөн. Сапалы аяқ киімдерді, лоферлерді және анатомиялық ұлтарағы бар ауыстыратын аяқ киімдерді Интертоп, «Котофей», Flo немесе Ессо-дан таңдаңыз. Кеңсе тауарлары мен рюкзактар үшін 1-қабаттағы «Marwin / Меломан» дүкеніне (мұнда ортопедиялық рюкзактар мен әдемі пеналдар күтеді), базалық дәптерлер мен қаламдарды тиімді көтерме бағамен сатып алу үшін цокольді қабаттағы «DK» дүкеніне, сондай-ақ сүйкімді аксессуарлар мен суға арналған стильді бөтелкелер үшін Miniso-ға барыңыз.

Оқуға арналған техниканы — ASUS, Lenovo, HP және Huawei ұсынған жеңіл ноутбуктер мен планшеттерді, төменгі сынып оқушыларының қауіпсіздігіне арналған GPS-і бар смарт-сағаттарды және үйге арналған принтерлерді (КФК) Sulpak пен DNS техно-хабтарынан сатып алыңыз.

Басты кеңес: мектеп формасын таңдағанда аралас маталарға мән беріңіз, себебі олар аз мыжылады және әлдеқайда ұзақ тозады.



GLASMAN



GLASMAN

Подготовка к школе станет проще, если собрать всё необходимое в одном месте за один день.

Одежду и обувь для младших классов ищите в «Детском мире» и Mothercare, а классические костюмы — в Glasman. Старшеклассникам за стильными оверсайз-рубашками и пуловерами в стиле ретро стоит заглянуть в Zara, Mango, DeFacto и LC Waikiki. Качественную обувь, лоферы и анатомическую сменку выбирайте в Интертоп, «Котофей», Flo или Ессо. За канцелярией и рюкзаками отправляйтесь в «Marwin / Меломан» на 1 этаже (там ждут ортопедические рюкзаки и эстетичные пеналы), в магазин «DK» на цокольном этаже для выгодной оптовой закупки базовых тетрадей и ручек, а также в Miniso за милыми аксессуарами и бутылочками для воды. Технику для учебы — легкие ноутбуки и планшеты от ASUS, Lenovo, HP и Huawei, умные часы с GPS для младшеклассников и домашние принтеры — приобретайте в техно-хабах Sulpak и DNS.

Главный совет: при выборе формы отдавайте предпочтение смесовым тканям, так как они меньше мнутся и служат гораздо дольше.

Gaissina

Massimo Dutti

Tommy Hilfiger

DNS

Sulpak

LACOSTE

Детский мир

Детский мир

MARWIN

Charles & Keith

Котофей

MARWIN

12 STOREEZ

GUESS



«Хан Шатыр» СОО
ТРЦ «Хан Шатыр»
1 этаж

BACK TO SCHOOL!

MAÝSYMNYŇ SERGITETIN DÁMI



Laim
Refresha®



Shie-Anar
Refresha®



Qulpynai Asai
Refresha®



«ХАН ШАТЫР» СОО ФУД-КОРТЫНДАҒЫ БАСТЫ САЛҚЫН ТРЕНДТЕР

ГЛАВНЫЕ COLD-ТРЕНДЫ НА ФУД-КОРТЕ ТРЦ «ХАН ШАТЫР»



Елордадағы аптап ыстық +40°C-қа жақындағанда, «Хан Шатырдың» жаңартылған әрі кең фуд-корты салқындықтың басты оазисіне айналады. Жазғы маусымда дәмді әрі салқын өнімдер ұсынатын алты стильді локация туралы айтып береміз.

Когда столичный зной стремится к +40°C, обновленный и просторный фуд-корт «Хан Шатыра» становится главным оазисом прохлады. Рассказываем о шести стильных локациях сезона, где можно охладиться со вкусом.

- **Le Pain Quotidien** (Мұздай кофе және сән-салтанат): Кофе сүйер қауым үшін таптырмас құтқарушы — талғампаз айс-лате, фраппе және жидек лимонадтары. Аты аңызға айналған бельгиялық круассанмен бірге олар аптап ыстық дала жазында еуропалық таңның әсерін сыйлайды.
- **Punto Gelato** (Итальяндық джелато): Табиғи ингредиенттерден жасалған Италияның нағыз дәмі. Сицилиялық пістеден бастап сергітетін жидек сорбеттеріне дейінгі қою кремді балмұздақ лезде жаныңызды сергітеді.
- **Tapioca** (Бабл-ти маниясы): Азия эстетикасының нағыз хиті. Шайналатын тапиокасы немесе ауызда жарылатын шырынды джус-болдары бар салқын шайдың ондаған түрі — бұл әрі сергітетін сусын, әрі тренді десерт.
- **Wedrink** (Жарқын стрит-фуд): Қолжетімді әрі супер-инстаграмдық формат. Мұздай жеміс шайының үлкен стақандары, цитрусты лимонадтар және вафли мүйізшесіндегі жұмсақ кілегейлі балмұздақ — бутиктерді аралап жүріп ішуге өте қолайлы.
- **Mooz** (Премиум милкшейктер): Қамсыз балалық шақтың дәмі. Жасанды сироптарсыз, іріктелген сүттен, табиғи кілегейден және шырынды жеміс пюресінен жасалған қою әрі нәзік коктейльдер — шопинг кезінде таптырмас тіскебасар.
- **Mövenpick** (Швейцариялық сапа): Гастрономиялық сән-салтанаттың аты аңызға айналған классикасы. Швейцариялық балмұздақтың әрбір қасығы ерекше дәм сыйлайды. Жазғы маст-хэв — «Швейцариялық шоколад» немесе грек жаңғағы қосылған үйеңкі сиропы.


- **Le Pain Quotidien** (Ледяной кофе & шик): Идеальное спасение для кофеманов — изысканный айс-латте, фраппе и ягодные лимонады. В паре с легендарным бельгийским круассаном они подарят ощущение европейского утра посреди степного лета.
- **Punto Gelato** (Итальянское джелато): Подлинный вкус Италии из натуральных ингредиентов. Плотное кремовое мороженое — от сицилийской фисташки до освежающих ягодных сорбетов — мгновенно дарит спасительную прохладу.
- **Tapioca** (Бабл-ти мания): Настоящий хит азиатской эстетики. Десятки вариаций холодного чая с упругой тапиокой или взрывающимися сочными джус-боллами — одновременно и освежающий напиток, и модный десерт.
- **Wedrink** (Яркий стрит-фуд): Доступный и супер-инстаграмный формат. Огромные стаканы ледяного фруктового чая, цитрусовые лимонады и мягкое сливочное мороженое в рожках — идеальный выбор для прогулки по бутикам.
- **Mooz** (Премиальные милкшейки): Вкус беззаботного детства. Плотные, нежные коктейли из отборного молока, натуральных сливок и сочных фруктовых пюре без искусственных сиропов — отличный перекус во время шопинга.
- **Mövenpick** (Швейцарское качество): Легендарная классика гастрономической роскоши. Каждая ложка швейцарского мороженого дарит глубокий вкус. Летний маст-хэв — «Швейцарский шоколад» или кленовый сироп с грецким орехом.

LIFE TIME ұсынады: Калория санауды ұмытыңыз — мұндай аптап ыстықта салқын десерттер ресми түрде ыстықтан құтқаратын басты ем болып саналады. Күмбез астында кездескенше!

LIFE TIME рекомендует: Забудьте о подсчете калорий — в такую жару прохладные десерты официально признаны главным лекарством от зноя. Встречаемся под куполом!

ДРЕСС-КОД. ТАМЫЗДАҒЫ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫ: САЛТАНАТТЫ ШАРАҒА НЕ КИІП БАРУ КЕРЕК

ДРЕСС-КОД. АВГУСТОВСКАЯ СВАДЬБА: В ЧЕМ ПОЙТИ НА ТОРЖЕСТВО



Тамыз — үйлену тойы маусымының шырақу шегі. Бұл уақытта күндізгі аптап ыстық жиі кешкі салқын желмен алмасады. LIFE TIME журналы қонақтарға соңғы тостқа дейін мінсіз көрінуге және өзін жайлы сезінуге көмектесетін ережелердің қысқаша тізімін жинақтады.

Оған (әйелдерге) арналған 3 мінсіз образ: Трендте — нақты сызықтар мен «тыныш сән-салтанат» (quiet luxury) эстетикасы. Тамаша базалық әрі ерекше киімдерді Zara, Mango немесе 12Storeez дүкендерінен жинауға болады.

• **Комбинация-көйлек:** Қою реңктегі (зәйтүн, ақшыл қызғылт, шампань) жібек матадан тігілген көйлек пен кең пішінді ерлер жакетінің үйлесімі.

• **Төгіліп тұратын силуэттер:** Бір иықты көйлектер немесе пастельді түстер гаммасындағы (лаванда, пісте түсті) нәзік воландары бар модельдер. Нәзік әрі әйелдік көйлектер үшін Lichi дүкеніне де бас сұғуға болады.

• **Шалбарлы костюм:** Кешкі көйлектің орнын басатын жібек топпен үйлескен қанық түсті (зымыран, терракот) жеңілдетілген екілік костюм — өте стильді таңдау.

LIFE TIME ұсынады: Ең бастысы — сіздің жайлылығыңыз. Тек фотоға әдемі түсу үшін ғана емес, сонымен қатар еркін билеуге де ыңғайлы киім таңдаңыз.

Мінсіз кешкі образдар мен аксессуарлар біздің СОО бутиктерінің жаңа топтамаларында сізді күтуде!

Август — пик свадебного сезона. Дневной зной в это время часто сменяется прохладным вечерним ветром. Журнал LIFE TIME собрал шорт-лист правил, которые помогут гостям выглядеть безупречно и чувствовать себя комфортно до финального тоста.

Три идеальных образа для нее В тренде — чистые линии и «тихая роскошь». Отличные базовые и акцентные вещи можно собрать в Zara, Mango или 12Storeez.

• **Платье-комбинация:** Шелк глубоких оттенков (олива, пыльная роза, шампань) в тандеме с объемным мужским жакетом.

• **Летящие силуэты:** Платья на одно плечо или модели с нежными воланами в пастельной гамме (лаванда, фисташка). За женственными платьями также стоит заглянуть в Lichi.

• **Брючный костюм:** Облегченная двойка сочного цвета (изумруд, терракот) с шелковым топом — стильная замена вечернему платью.

LIFE TIME рекомендует: Главное — ваш комфорт. Выбирайте наряд, в котором удобно не только позировать для фото, но и танцевать.

Идеальные вечерние образы и аксессуары уже ждут вас в новых коллекциях бутиков нашего ТРЦ!



Charles & Keith

Lichi
www.Lichi.com

СОСО «Хан Шатыр», I қабат
ТРЦ «Хан Шатыр», I этаж

ТІЛЕКТЕР АҒАШЫ: БІР ИГІ ІС БІРЕУДІҢ ЖАЗЫН ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТЕ АЛАДЫ

ДЕРЕВО ЖЕЛАНИЙ: КАК ОДНО ДОБРОЕ ДЕЛО МОЖЕТ ИЗМЕНИТЬ ЧЬЕ-ТО ЛЕТО

«Хан Шатыр» СОО атриумында сіздерді қайтадан ерекше «Арман ағашы» — біздің дәстүрлі «Wish tree» қайырымдылық жобамыздың символы күтеді.

Бұл ағашта үйреншікті әшекейлердің орнына ерекше қажеттіліктері бар балалардың жүрекжарды хаттары салынған конверттер ілінген. Балақайлар ең қарапайым, бірақ өздеріне өте қажетті заттарды армандайды: маусымдық киімдер, ыңғайлы аяқ киім немесе дамытушы ойыншықтар. Әрбір жанның атсалысуы ыңғайлы болуы үшін бір сыйлықтың құны шектеулі және 30 000 теңгеден аспайды. Балаға ғажайыпқа деген сенімді қалай сыйлауға болады? Екі қарапайым жолы бар:

1. Жеке өзіңіз: Ағаштан кез келген конвертті тандап, қажетті затты дәл осы «Хан Шатыр» СОО-нан сатып алыңыз да, оны ақпараттық үстелге (инфостойка) өткізіңіз (немесе көрсетілген мекенжай бойынша жеткізу қызметімен жіберіңіз).

2. Онлайн: Жобаның ресми қайырымдылық қорына өзіңізге ыңғайлы кез келген сомада жарна аударыңыз.

Үлкен игі істер әрдайым кішкентай қадамдардан басталады. «Хан Шатырдағы» «Wish tree» жобасына қосылыңыз — балаларға бақытты жаз бен ғажайыпқа деген сенімді бірге сыйлайық!

В атриуме ТРЦ «Хан Шатыр» вас вновь ждет особенное «Дерево желаний» — символ нашего традиционного благотворительного проекта «Wish tree».

Вместо привычного декора на нем бережно закреплены конверты. Внутри каждого — заветные и очень искренние письма от детей с особыми потребностями. Ребята мечтают о самых простых, но необходимых вещах: сезонной одежде, удобной обуви или развивающих игрушках. Чтобы участие было комфортным для каждого, стоимость одного подарка ограничена и не превышает 30 000 тенге.

Как подарить ребенку веру в чудо? Есть два простых способа:

1. Лично: выберите любой конверт на дереве, купите нужную вещь прямо в ТРЦ «Хан Шатыр» и передайте ее на инфостойку (или отправьте доставкой по указанному адресу).

2. Онлайн: сделайте пожертвование на любую комфортную для вас сумму в официальный благотворительный фонд проекта.

Большие добрые дела всегда начинаются с маленьких шагов. Присоединяйтесь к проекту «Wish tree» в «Хан Шатыре» — давайте вместе подарим детям счастливое лето и веру в чудеса!





Tommy Hilfiger



Tommy Hilfiger

КЕЗ КЕЛГЕН ЖАЗҒЫ ОБРАЗДЫҢ СӘНІН КЕЛТІРЕТІН 5 БАСТЫ АКСЕССУАР

5 ГЛАВНЫХ АКСЕССУАРОВ, КОТОРЫЕ «СОБЕРУТ» ЛЮБОЙ ЛЕТНИЙ ОБРАЗ

Жаз — киім санын барынша азайтып, еркін жүретін маусым. Бірақ мұнда бір мәселе бар: базалық шорты мен топ немесе қарапайым мақтадан тігілген көйлектің өзі тым қарабайыр әрі біркелкі көрінуі мүмкін. Артық киім қабатынсыз мінсіз аутфит жасаудың құпиясы детальдарда жатыр!

- Рафиядан тоқылған сөмке. Қалалық сәннің басты маст-хэві. Кең тоут сөмкесі немесе қатты себет-сөмке образға лезде жеңілдік, еркіндік және париждік талғампаздық сыйлайды.
- Ерекше (акцентті) көзілдірік. Образға белгілі бір көңіл-күй сыйлаудың ең жылдам тәсілі. Трендте — 70-жылдар стиліндегі көлемді ретро-жиектер, геометриялық пішіндер және түрлі түсті жартылай мөлдір линзалар.
- Жібек орамал. Маусымның басты трансформері. Оны шашқа ободоктың орнына тағыңыз, жиналған шаштың айналасына байлаңыз немесе жай ғана сөмкенің тұтқасына байлап сәндеңіз.
- Көлемді әшекейлер. Алтын түстес үлкен сопақша сырғалар, көпқабатты алқалар және жалпақ кафф-білезіктер күнге күйген теріні керемет айқындап, тіпті қарапайым ақ майканың өзін құлпыртып жібереді.
- Сильді бас киім. Бейсболка романтикалық көйлектің тым нәзіктігін теңгеріп, образға серпін қосады, ал сабаннан тоқылған канотье шляпасы образды талғампаз әрі күрделірек етеді.

Стилист кеңесі: Бәрін бірден тағуға тырыспаңыз. Жазғы образды ауырлатып алмай, эстетикалық теңгерімді сақтау үшін осы тізімнен 1-2 акцентті аксессуарды таңдаңыз.


Лето — сезон расслабленности, когда хочется свести количество одежды к минимуму. Но есть одна проблема: базовые шорты с топом или простое хлопковое платье соло могут выглядеть слишком повседневно и пресно. Секрет идеального аутфита без лишних слоев одежды кроется в деталях!

- Плетеная сумка из рафии. Главный городской маст-хэв. Объемный тоут или жесткая корзинка моментально добавляют образу легкости, расслабленности и парижского шика.
- Акцентные очки. Самый быстрый способ задать образу настроение. В тренде массивные ретро-оправы в стиле 70-х, геометрия и цветные полупрозрачные линзы.
- Шелковый платок. Главный трансформер сезона. Повяжите его на голову вместо ободка, завяжите вокруг хвоста на волосах или просто украсьте им ручку сумки.
- Массивные украшения. Крупные дутые серьги-капли, многослойные колье и широкие браслеты-каффы под золото роскошно подчеркнут загар и преобразуют даже базовую белую майку.
- Стильный головной убор. Бейсболка сохмет спес с романтичного платья и добавит динамики, а соломенная шляпа канотье сделает образ более элегантным и сложным.

Совет стилиста: Не пытайтесь надеть все и сразу. Выберите 1-2 акцентных аксессуара из этого списка, чтобы сохранить эстетичный баланс и не перегрузить летний лук.



ТОPAZ
JEWELRY



Наши филиалы:

Астана — ТЦ Хан Шатыр, 1 этаж, бутик TOPAZ

Караганда — ТЦ ЦУМ, 1 этаж, бутик TOPAZ

Консультация WhatsApp:

Астана: +7 705 254 00 64

Караганда: +7 771 195 6550

Timberland®



СОСО «Хан Шатыр» 1-қабат / ТРЦ «Хан Шатыр» 1 этаж
INTERTOP.KZ

+30 °C-ТАҒЫ ДРЕСС-КОД:

КЕҢСЕ МЕН КЕЗДЕСУЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАЗҒЫ АЯҚ КИІМ ДРЕСС-КОД В +30 °C: ЛЕТНЯЯ ОБУВЬ ДЛЯ ОФИСА И СВИДАНИЙ

Ыстық — стильден бас тартуға себеп емес. *LIFE TIME* журналы кеңседе аптаптан қорғануға және кешкі серуенде орынды көрінуге көмектесетін ерлер аяқ киімі бойынша қысқаша гид дайындады.

1. Кеңсеге: Талғампаздық пен салқындық

Ауыр туфлилердің орнына жеңіл әрі ауа өткізетін нұсқаларды таңдаңыз:

- Күдері (замша) лоферлер: Ішкі астары жоқ жұмсақ модельдер (тек қысқа шұлықтармен киіледі). Премиум нұсқаларын Basconi және Bogaschi дүкендерінен іздеңіз.
- Перфорацияланған дерби мен броги: Қатаң корпоративтік стиль үшін таптырмас құтқарушы. Мінсіз классиканы Men's Empire және Glasman ұсынады.
- Ақшыл күдері монкилер: Жазғы костюмдер мен чинос шалбарларына тамаша қосымша. Күнделікті киюге арналған сапалы жұптар Respect дүкенінде бар.

2. Кездесуге: Еркін сән-салтанат

Ұзақ серуендеуге арналған жайлылық пен талғампаздық арасындағы теңгерім:

- Минималистік ақ кедылар: Шорты немесе жеңіл пиджакпен үйлесетін smart casual стилінің базасы. Трендтегі модельдер Zara-да, ал ұзақ жүруге арналған анатомиялық жайлылық Ecco дүкенінде күтеді.
- Топсайдерлер мен мокасинадер: Жазғы террасаларға арналған жұмсақ күдеріден жасалған яхта эстетикасы. Ыңғайлы мокасинадердің кең таңдауы SuperStep дүкенінде ұсынылған.
- Эспадрильи: Ең ыстық кештерге арналған джут табаны бар өте жеңіл аяқ киім. Олар Zara-ның зығыр киімдерімен мінсіз үйлеседі. Жазғы басты табу: Шәркей, сланцы және сандалилерді тек жағажай немесе пикник үшін қалдырамыз. Қалада тек тұмсығы жабық аяқ киім кию трендте!

Жара — не повод жертвовать стилем. Журнал *LIFE TIME* составил краткий гид по мужской обуви, чтобы вы не перегрелись в офисе и выглядели уместно на вечерней прогулке.

1. В офис: Элегантность и прохлада

Откажитесь от тяжелых туфель в пользу легких и дышащих форматов:

- Замшевые лоферы: Мягкие модели без подкладки (носятся строго со следками). Премиум-варианты ищите в Basconi и Bogaschi.
- Дерби и броги с перфорацией: Спасение для строгого корпоративного стиля. Идеальную классику предлагают Glasman.
- Светлые замшевые монки: Отличное дополнение к летним костюмам и чиносам. Качественные пары на каждый день есть в Respect.

2. На свидание: Расслабленный шик

Баланс между комфортом для долгих прогулок и хорошим вкусом:

- Минималистичные белые кеды: База smart casual под шорты или легкий пиджак. Трендовые модели ждут в Zara, а анатомический комфорт для долгих маршрутов — в Ecco.
- Топсайдеры и мокасины: Яхтенная эстетика из мягкой замши для летних террас. Огромный выбор удобных мокасин представлен в INTERTOP.
- Эспадрильи: Невесомая обувь на джутовой подошве для самых жарких вечеров. Идеально сочетаются с льняными вещами из той же Zara.

Главное летнее табу: Шлепанцы, сланцы и сандалии оставляем исключительно для пляжа или пикника. В городе правит бал закрытый мыс!



Cassava shoes



Cassava shoes



ZARA

27

KHAN SHATIR MAGAZINE



ECCO



Rieker



Calvin Klein Jeans



SuperStep



Интертоп



Calvin Klein Jeans


SKY BEACH CLUB

СОСО "Хан Шатыр" 4 қабат
ТРЦ "Хан Шатыр" 4 этаж

Chaplin cinemas

ҮНДІСТАНДАҒЫ БИШАРАШКАЛАР: АНАСЫН ІЗДЕУ



Комедия, шытырман оқиға

«Үндістандағы Бишарашкалар: Анасын іздеу» фильмінің басты кейіпкері – қарапайым жігіт Әділет. Бір күні қыркы асында оған Үндістаннан жұмбақ сәлемдеме келеді. Оның ішінен өткен өмірімен байланысты ерекше зат табылып, анасына қатысты көптен бері жасырын болып келген құпияның бетін ашуға жол ашады.

Бұл оқиға Байтемірдің бүкіл отбасын Үндістанға аттануға итермелейді. Алайда сапар күтпеген сынақтарға толы болады: қауіпті жағдайлар күлкілі оқиғалармен алмасып, кейіпкерлер бөтен елдің салт-дәстүрімен, мәдениетімен және өздеріне беймәлім өмір салтымен бетпе-бет келеді.

Комедии, приключения

Главный герой фильма «Бишарашки в Индии: В поисках мамы» – самый обычный мужчина Адилет, который попадает в большую историю. Во время поминока по случаю сорока дней, он получает странную посылку, отправленную из Индии. Внутри – вещь, напрямую связанная с его прошлым и открывающая путь к разгадке давней тайны, окружавшей его мать. Эта находка становится отправной точкой для всей семьи Байтемира, которая решает отправиться в Индию, чтобы наконец узнать правду. Путешествие в Индию быстро превращается в череду испытаний, где опасные ситуации соседствуют с комичными. Главный герой и его родня сталкиваются с непривычными для них обычаями, чужой страны.

МИНЬОНДАР МЕН ҚҰБЫЖЫҚТАР

Комедия, шытырман оқиға

Миньондар өздерінің қорқынышты фильмін түсіруге бел буады. Бірақ көп ұзамай олар нағыз құбыжықтарсыз жақсы фильм шықпайтынын түсінеді. Шабыт пен жаңа «актерлерді» іздеген достар алыс сапарға аттанады. Алдарынан жұмбақ мекендер, күтпеген кездесулер және аңызға айналған қорқынышты тіршілік иелерінің іздері шығады.

Миньондар қараңғы ормандарды, қаңырап бос қалған ғимараттарды аралап, әрбір сыбдырдан қауіп сезінеді. Бірақ олардың шексіз қызығушылығы мен көңілді мінезі қорқынышты жеңіп отырады. Мақсаттарына жақындаған сайын саяхаттары бұрынғыдан да қауіпті бола түседі.

Комедия, приключения

Миньоны решают снять собственный фильм ужасов, но быстро понимают: без настоящих чудовищ картина не получится. Чтобы найти вдохновение и «актеров» для самых страшных сцен, они отправляются в далекое путешествие. На пути героев ждут таинственные места, неожиданные встречи и следы существ, о которых ходят пугающие легенды. Миньоны оказываются то в мрачных лесах, то в заброшенных зданиях, где каждый шорох кажется предвестником беды. Однако их любопытство и неиссякаемый энтузиазм постоянно берут верх над страхом. Чем ближе они к цели, тем опаснее становятся поиски и тем реальнее выглядит угроза, способная превратить съемки в настоящее испытание.



СУПЕРГЁРЛ



Ғылыми фантастика, экшн

Кара Зор-Эл өзінің иті Кристомен бірге ғаламды шарлап жүреді. Бір күні оларға қарақшы шабуыл жасап, кемесін тартып алып, Кристоны жаралайды.

Осыдан кейін Кара жаңа досы әрі серігі Рутимен күш біріктіреді. Бұрын дәл сол қарақшы Рутидің отбасын да қырып кеткен. Екеуі әділдік орнату және кек алу үшін қауіпті сапарға аттанады.

Научная фантастика, боевик

Кара Зор-Эл путешествует по галактике со своим псом Кристо. На неё нападает пират и разбойник, который угоняет её корабль и ранит Кристо. Объединив силы с новой подругой и союзницей Рути, семью которой ранее убил пират, Кара отправляется мстить.

ӨРМЕКШІ АДАМ: ЖАҢА КҮН

Ғылыми фантастика, экшн, шытырман оқиға

Есейіп, жалғыз қалған Питер Паркер өзін толығымен Нью-Йорктегі қылмыспен күреске арнайды. Төрт жыл бұрын Доктор Стрэндждің сиқырынан кейін әлемдегі барлық адамдар, тіпті ең жақындары да оны ұмытып кеткен.

Қаладағы қауіп күшейген сайын Өрмекші адамның қабілеттері де өзгере бастайды. Бұл өзгерістер оның өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Осы уақытта Нью-Йоркте жұмбақ қылмыстар тізбегі орын алып, Питер өміріндегі ең қауіпті қарсыластарының бірімен бетпе-бет келеді.

Фантастика, боевик, приключения

Одинокий и повзрослевший Питер Паркер полностью посвящает себя борьбе с преступностью в Нью-Йорке, поскольку 4 года назад после заклинания Доктора Стрэнджа мир и все близкие забыли его. Но с ростом угроз и нагрузки на Человека-паука его способности претерпевают странные изменения, способные поставить под угрозу его существование. Тем временем в городе случается новая цепочка преступлений, которая приводит к появлению одного из самых опасных противников в жизни Питера.



Кинотеатрда көріскенше!

Үлкен премьералардың ерекше атмосферасына Chaplin Cinemas-те еніңіз. Біз күн сайын сағат 10:00-ден 02:00-ге дейін жұмыс істейміз. Өзіңізге ыңғайлы уақытты таңдап, шабыт пен жаңа піскен попкорннан дәм татуға келіңіз!

Увидимся в кино!

Погрузитесь в атмосферу больших премьер в Chaplin Cinemas. Мы работаем ежедневно с 10:00 до 02:00. Выбирайте удобное время и приходите за порцией вдохновения и свежего попкорна!

БАС ДЕМЕУШІ
ГЕНЕРАЛЬНЫЙ СПОНСОР

dom.kz



БАС ДЕМЕУШІ
ГЕНЕРАЛЬНЫЙ СПОНСОР

allur

JÚLDELI

8.02.26 - 21.02.27 SHOPPING

9 iPhone 17
(ай сайын | каждый месяц)



2 BI GROUP
ПӘТЕР
КВАРТИРЫ
ARNA



Li Auto

ALLUR ҰСЫНҒАН LI L7 КРОССОВЕРІ
КРОССОВЕР LI L7 OT ALLUR